

ЦИТАТА ДНЯ

Михаэль КОРТЮМ,
ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР
АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ»:

«КАЖДАЯ
ТРАНСФОРМАЦИЯ,
ОТРАЖАЮЩАЯ
НОВЫЕ ТРЕБОВАНИЯ
ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ,
НЕ ТОЛЬКО ВАЖНА,
НО И НЕИЗБЕЖНА,
ЧТОБЫ
ОСТАВАТЬСЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫМИ
НА РЫНКЕ И ДОСТИГАТЬ
КОРПОРАТИВНЫХ ЦЕЛЕЙ»

ХАБАР-ОЦШАР

ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ
ЖАЛҒАСАДЫ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ қызметкерлері өткен жылы ішкі істер органдарының, әскерлендірілген теміржол күзетінің және магистральдық желі өкілдерімен бірлесе отырып, темір жол бойында жүру ережелері туралы 3672 түсіндіру әңгімелерін өткізіп, жаяу жүргіншілер қауіпсіздік ережелерін жиі бұзатын орындарда рейдтер жүргізді.

Теміржолшылар тәртіп бұзушыларға теміржолдағы бейқам іс-әрекет олардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретінін еске салудан жалықпайды. Былтыр оқу орындарында және кәсіпорындарында екі мыңға жуық әңгімелесу, қауіпсіздік сабақтары, жиналыстар өткізілді. 58 мыңнан астам азамат қауіпсіздік жөнінде дәріс тыңдады. Теміржолшылар әсіресе, болат жол маңында орналасқан мектептер мен колледждерге басымдық берді. Дәріс тыңдаушыларға арнайы бейнероликтер көрсетілді.

Жол бөлімшелерінде көлік прокуратурасының және полицияның, ҚР ИИДМ аумақтық көліктік бақылау органдарының, БАҚ және басқа да мүдделі ведомстволардың өкілдерін шақырумен үйлестіру кеңесінің 123 отырысы өткізілді. Мұндай кездесулерде темір жолдағы жазатайым оқиғалардың алдын алу шаралары қарастырылды.

Теміржолшылар атап өткендей, жолда жүру ережесін өрескел бұза отырып, азаматтар пойыздар қозғалысының жылдамдығы сағатына 100 км-ге жететінін ескермейді. Локомотив бригадасы шұғыл тежеуішті қолданғанның өзінде адамды немесе малды басып кетуді болдырмау қиын, өйткені тежегіш жолының ұзақтығы 800 метрден астам қашықтықты құрайды.

Темір жолдағы қауіпсіздік ережелерін көбінесе ішімдік ішкендер мен балалар бұзады. Олар пойыз машинисі берген дабылға назар аудармай, жақындап келіп қалған құрамды байқамай қалады. Сонымен қатар көпшілігі темір жолдарды белгіленген жерден, яғни жаяу жүргіншілер көпірін, өткелдерді пайдаланбай тіке кесіп өтіп жатады. Әсіресе, жастар құлаққап киіп алып, пойыздың дыбысын да, машинист дабылын да естімей, бейқамдық танытып, ажал құшып жататыны өкінішті. Міне, қауіпті аймақта жарақаттану себептерін еске сала отырып, теміржолшылар азаматтарға өмірің мен денсаулығыңды сақтаудың ең дұрыс жолы – теміржолда қауіпсіздік ережесін қатаң сақтап, қырағылық пен сақтықты жоғалтпау екенін айтады. Профилактикалық шаралар биыл да жалғасын таппақ.

Ислам ТАЛҒАТ

МЕРЕҮЙ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗ
ДӘРІГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында «Медициналық пойыз – 2019» жобасының үздік қызметкерін марапаттау рәсімі өтіп, «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов дәрігерлерге Құрмет грамоталарымен қатар 200 мың теңгенің сертификатын және гүл шоқтарын табыстады.

Сұлғұл БАКЕСОВА

«Медициналық пойыздар» жобасы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен «Самұрық-Қазына» Қорының қолдауымен және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның көмегімен жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Шалғайдағы елді мекен тұрғындарын тегін медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмекпен қамтамасыз етуді мақсат тұтқан жоба өз миссиясына жеткені анық.

«Самұрық-Қазына» қорының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов дәрігерлерді жоба маусымының аяқталуымен құттықтап, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету Қор үшін маңызды мәселе болып қала беретінін атап өтті. «Соңғы 5 жылда әлеуметтік маңызды жобаларға Қор 60 миллиард теңгеден астам қаржы бөлді, 1 миллионнан астам адам қамтылды. Осы жобаларды іске асыра отырып, біз азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, адамдардың медицина мен білімге қол жеткізуі үшін ұмтыламыз. «Медициналық пойыздар» жоба-

сы еліміздің шалғай өңірлерінің тұрғындарына сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндік береді», – деді Ахметжан Есімов.

Осы маусымда «Денсаулық» пойызымен Алматы мен Түркістан облыстарына қарасты елді мекендерді аралап шыққан медицина ғылымдарының докторы, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ оториноларингология кафедрасының профессоры, лор-дәрігер Амангелді Күлімбетов жергілікті халықтың медициналық қызметкерлеріне қолдауларын айта отырып, «Халық арасында жүрек-тамырлары аурулары, қан қысымы, қант диабеті, онкологиялық аурулардың кен таралғанын байқадық. Жалпы медициналық пойыздар қызметкерлерінің көп адамаға шипасы тигенін байқадық. Бұл маңызды жоба жалғасын тапса деген тілек бар. Бүгін еңбегімізді бағалап, марапаттап жатқандарыңызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Дегенмен алдағы уақытта да бізді асыға күткен халыққа ем-дом жасап, диагностикадан өткізіп, дәрігерлік кеңес беріп, өз борышымызды атқарсақ деген тілегіміз

бар?!» – деп сыр бөлісті лор-дәрігер Амангелді Күлімбетов.

Сергіз айда халыққа қызмет еткен медициналық пойыздардың 15 үздік дәрігерін марапаттау рәсіміне «дөңгелек үстіндегі емханаға» қаралып, ем-дом алған Түркістан облысы, Леңгір бекетінен Ақбота Қарабалаева арнайы келіпті. «Медициналық пойыздар халық көп шоғырланған Түркістан облысы жұртына үлкен көмегін тигізді. Біреулер тексерілу арқасында денсаулығында кінәрат барын біліп, дереу емделуіне кіріссе, енді бірі дәрігерлік кеңес алып, ем-домдарын жалғастыруда. Балаларымызды да кәсіби мамандарға қараттық. Бұл жобаның халыққа тигізген шарпаты мол болып тұр. Сондықтан ел мен жерді аралап жүріп халыққа қызмет еткен ақ халатты абзал жандарға зор алғысымызды білдіріп, еңбектеріңіз жана берсін демекші», – деп алғыс жаудырды емделушілер атынан түркістандық әйел.

Салтанатты жыйын соңында өнер жұлдыздары дәрігерлер құрметіне ән мен жырдан шашу шапты.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ПЕРЕВОЗКИ

СБОРНЫЙ ГРУЗ УЖЕ В ПУТИ

Дочерняя организация АО «НК «ҚТЖ» – АО «KTZ Express» запустила новый регулярный сервис по отправке сборного груза из Китая в Казахстан.

Асель ШАЙХЫНОВА

Сервис по отправке сборного груза по принципу LCL по маршруту Ляньюньган – Сиань – Алматы запущен с регулярностью

один раз в неделю – по вторникам.

Основная номенклатура грузов – электро-материалы общим весом более 10 тысяч килограмм для 11 казахстанских грузополучателей. Время в пути следования – 7 дней.

СНЕГБОРЬБА

ДАЛИ ОТПОР ЦИКЛОНУ

С 17 по 23 января железнодорожники в очередной раз сдают экзамен по борьбе со снегом: после временного затишья на север страны обрушились обильные снегопады. Ответственную миссию работники ҚТЖ выполнили на «отлично» – разгул стихии не вызвал сбоя в движении поездов. За эти дни в целом по Казахстану убрано более 70 тысяч кубометров снега.

Любовь РОВБА

Непогода особенно бушевала в Акмолинском и Семейском регионах, парализовав движение автомобилей на междугородних трассах, в столице сообщалось о задержке десятков авиарейсов, что вызвало повышенный спрос на железнодорожные билеты. Благодаря слаженным усилиям путейцев и привлечению снегоуборочной и снегоочистительной техники поезда следовали по графику. Очистка инфраструктуры от сугробов велась в круглосуточном режиме.

По Акмолинскому отделению магистральной сети в эти дни очищено 2360,8 километра пути и вывезено 16 тысяч кубометров снега. К работам привлекли 121 работника второй очереди и 42 единицы техники. В Семейском регионе убрано порядка 22 тысяч кубометров снега и очищено 2274,3 километра пути. 398 работников второй очереди и 44 единицы тех-

ники пришли на помощь в борьбе со стихией путейцам Карагандинского отделения магистральной сети. Общими усилиями там очищено более 1600 километров пути и вывезено 12500 кубометров снега.

Почти равные показатели по снегоборьбе сложились за выходные у Костанайского и Павлодарского отделений магистральной сети – свыше 1700 очищенных от сугробов километров пути и более 8500 вывезенных кубометров снега.

По Актюбинскому отделению магистральной сети железнодорожниками очищено около 2862 километров пути, убрано 1750 кубометров снега. В другом западном регионе Казахстана – Атырауском – вывезли 1500 кубометров. Столько же убрали 17 января в Алматинском отделении магистральной сети.

В общей сложности за минувшую пятницу и выходные по Казахстану очищено 12122 кило-

метра пути и вывезено 72250 кубометров снега. Для этих целей привлечена 261 единица техники, которая совершила 306 рейсов. В круглосуточной борьбе был задействован 6701 человек, 587 из которых – работники второй очереди.

Бригады дистанций пути всегда находятся в режиме повышенной готовности и в любую минуту могут выехать на борьбу со стихией. Наши дистанции оснащены достаточным количеством техники, чтобы обеспечить уборку снега на обслуживаемых участках и бесперебойную работу железной дороги в зимний период, – сообщил главный менеджер департамента пути и сооружений АО «НК «ҚТЖ» Даурен Кабас.

Тарифы на LCL-перевозки доступны на веб-сайте АО «KTZ Express».

ТРАНСФОРМАЦИЯ

ДОРОЖНАЯ КАРТА
ИСПОЛНЕНА

АО «КТЖ – Грузовые перевозки» и Агентство по делам государственной службы и противодействию коррупции объединили усилия по борьбе с коррупцией в сфере грузовых перевозок.

В рамках соглашения о сотрудничестве между двумя организациями в АО «КТЖ – Грузовые перевозки» работает проектный офис «Адал жол», действует специальная рабочая группа по вопросам противодействия коррупции. Ее возглавляет председатель правления – генеральный директор АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Кайрат Саурбаев. Аналогичные рабочие группы созданы в отделениях ГП под председательством директоров филиалов.

В 2019 году разработана Дорожная карта по реализации Соглашения, в которой учтены мероприятия по борьбе с негативным явлением. Документ направлен на выявление системных пробелов и принятие мер по недопущению нарушений со стороны железнодорожников. По итогам года все мероприятия исполнены.

В частности, для исключения коррупционной составляющей в результате прямого контакта грузоотправителя с работниками АО «КТЖ – Грузовые перевозки» автоматизированы процессы месячного и декадного планирования, подачи заявок на переадресовку, корректировки. В данный момент согласование заявок осуществляется посредством автоматизированной системы управления договорной и коммерческой работой только в электронном формате, тем самым обеспечены полная открытость и прозрачность процессов.

Кроме того, во внутривнегосударственном сообщении 92% перевозок осуществляется по безбумажной технологии с использованием электронной накладной. Ускорено онлайн-оформление перевозочных документов грузоотправителем, обеспечена прозрачность оформления перевозок грузов.

Проводится работа по пересмотру процедуры подачи вагонов на подъездные пути. Грузоотправитель заключает договор на обеспечение подвижным составом непосредственно с АО «Қазтеміртранс», АО «Астықтранс», а также другими собственниками и операторами подвижного состава. АО «КТЖ – Грузовые перевозки» осуществляет подачу на подъездные пути конкретных вагонов в адрес конкретных грузоотправителей, ведется ежесуточный контроль порожних вагонов в ожидании подачи на подъездной путь.

Введены новшества в закупочной и кадровой сферах. Так, заседания тендерных комиссий проходят в помещениях, оснащенных аудио- и видеонаблюдением с дальнейшим архивированием данных.

Прием на работу на всех уровнях осуществляется на конкурсной основе, собеседование при приеме проходит в специализированном помещении. В комиссию включены советники по безопасности.

Автоматизирован процесс обучения локомотивных бригад и приема экзаменов для получения свидетельства на право управления локомотивом и повышения класса.

Работа по противодействию коррупции в АО «КТЖ – Грузовые перевозки» продолжится. В этом году совместно с проектным офисом «Адал жол» будет принят План корректирующих мероприятий по снижению коррупционных рисков, проведена экспертиза локальных актов, анализ бизнес-процессов, перевод услуг в электронный формат.

Аула ТЛЕУБАЕВА

БҮГІНГІ САН

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚР МЕН
ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ
ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

26%

АРТТЫ

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚОСЫМША ВАГОН ҚОСЫЛДЫ

Шалқарлықтар үшін жаңа жыл жағымды жаңалықтармен басталды. Облыс орталығына баратын пойыздарға аптаның бес күніне де қосымша вагондар қосылды.

Облыстағы халық саны көп үш ауданның бірінен саналатын өңірде пойыз қатынасы жеңілдеді.

Осыған дейін шалқарлықтар пойызжол қызметін пайдаланудағы қолжетімсіздік жайлы облыс әкімдігіне әлденеше рет хат жазып, мәселе көтерген болатын. Міне, жыл басынан бері жолаушылар тасымалында қиындық жоқ. Әлеуметтік бағытқа, плацкарт пен купе де қосымша вагондар қосылды.

Бүгінде «Алматы-Ақтөбе» және «Шалқар-Ақтөбе» бағытындағы пойыздарға жолаушылар сұраныстарына орай күніне бір-екі вагоннан қосылып отыр. «Жолаушылар тасымалы» АҚ енгізген билет сату бағдарламасы да жолаушыларға көп жеңілдік беріп отыр.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе

ТӨРТ МӘСЕЛЕНІ ҚАМТЫДЫ

Жыл соңы 27 желтоқсанда ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 4 мәселені қамтыды: жолаушылар тасымалын субсидиялауды оңтайландыру және ашық ету; жүктердің жасырын транзитінің алдын алу; тұтынушылардың құқықтарын қорғауды есепке ала отырып, кірме жолдар қызметтерін реттеу; және темір жол билеттерін заңсыз сату және қайта сату фактілері бойынша жауапкершілікті күшейту.

Осы заңды түсіндіру мақсатында өткен жиында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті Теміржол көлігіндегі бақылау басқармасының басшысы Елдос Нестай аталған төрт мәселенің шешімін кеңінен түсіндірді. «Бірінші мәселеге тоқталар болсақ, қазіргі таңда теміржол жолаушыларының шығыстары мемлекеттік бюджет тарапынан субсидияланады. Бұл – вагондарды жалға алу, күтіп ұстау, сатып алу, вокзал шаруашылығы, локомотивтік тартқыш және магистральдық желі қызметтері, шығыстың басқа бір бөлігін ҚТЖ жүк тасымалы кірістері есебінен көрсетілетін қызметтерге төмен тариф орнату арқылы жабады. Бұл ішкі кросс субсидиялау деп аталады. Аталған схемада ақша ағындарын таратудың бір ортаға бағытталуы және ашықтығы жоқ еді. Жүйені ашық етіп жасау үшін заң жобасымен «Жолаушылар локомотивтері» атты жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартымның жеке операторын құру нормалары анықталды. Бұл заңды тұлға локомотивтік тартым қызметтерін өтеу арналы субсидиялардың тікелей алушысы болып табылады. Сондай-ақ бюджеттен қосымша қаражатты қарастырмай, кросс субсидиялаудан бас тарту үшін жолаушылар тасымалдаушыларын қолдауға жүк тасымалдаушыны теңгерімдеуші төлем енгізілетін болады.

Бұл жолаушылар тасымалының нақты шығындарын көруге мүмкіндік береді, – деп түсінік берді ол.

Заңдағы екінші мәселе бойынша «Жүк транзиті» ұғымы енгізілді. Жаңа нормалар жүк жөнелтушілерге транзиттік тариф төлемінен құтылуға жол бермейді. Үшінші, тұтынушылар құқықтарын қорғауды есепке ала отырып, кірме жолдар қызметтерін реттеу. Қазіргі уақытта бөріне мәлім кірме жолдарды бөлшектеу тәжірибесі орын алып отыр. Кірме жолдар қызметтері тұтынушыларының құқықтарын қорғау үшін бірінші – кірме жолдарды сату, сатып алу шарттарын табиғи монополия саласындағы уәкілетті органмен міндетті түрде келісу, екінші – қайтадан сатып алынған жолдарға жаңа тарифтер бекіту, үшінші – тек тұтынушыларға дейінгі кірме жолдың қашықтығына төлем алу, төртінші – бағыттама бұрма арқылы ақысыз жүріп өтуді регламенттеу қажеттігі туралы нормалар анықталды.

Ал төртінші мәселе бойынша, қазіргі таңда теміржол билеттерін заңсыз сату, қайта сату фактілері бойынша тиісті шараларды күшейту қажет. Заңмен жеке және заңды тұлғаларға жол жүру құжаттарын заңсыз сату 100-500 АЕК көлемінде әкімшілік жауапкершілік қарастырады. Бұл норма жол жүру билеттерін заңсыз сату, сатып алу және темір жол вокзалдарында делдалдармен күресу шараларын едәуір күшейтуге мүмкіндік береді.

Ұлан ОРАЗ

ҚОС ТЕМІРЖОЛШЫНЫҢ ҚАЗАСЫ

Өткен аптада қар тазалап жүрген жамбылдық екі теміржолшының абайсызда пойыз қағып мерт болуы көпшіліктің қабырғасын қайыстырды. Шу аумағындағы Аңырақай-Бел станциялары аралығында орын алған оқиға оқиғаның себеп-салдарын бүгінде тиісті орындар тексеріп-тергеуде.

13 қаңтар күні кешкі сағат 17.00 шамасында аталған аралықтағы 3853 шақырымда Қызылорда-Семей бағытындағы №23 жолаушылар пойызы тақ жолда екі теміржолшыны қағып кеткен. ПҚ-3 аумағындағы №1 дабыл нүктесіндегі қаралы оқиғаға орай Жамбыл жол бөлімшесінің магистральдық желісіне хабарласқан болатынбыз. Еңбек қауіпсіздігін қорғау және экология қызметінің басшысы Баян Қоңқабаеваның айтуына қарағанда, дәл сол сәтте жұп жолдан тағы бір пойыз өтіп жатқан. «Мерт болған екі азамат та Шу белгі беру және байланыс дистанциясының қызметкерлері. Электромеханик Ақан Әлтаев 44 жаста, он тоғыз жылдан бері осы салада қызмет етіп жүрген тәжірибелі маманның артында жары мен төрт баласы қалды. Екіншісі электромонтер Талғат Несібаев 33 жаста, оның да еңбек өтілі он екі жылды құрайды. Артында отбасы, екі баласы қалды, тек жамбылдықтар үшін емес, барлық теміржолшылар үшін ауыр жағдай болды» дейді ол.

Өңірлік көліктегі полиция департаментінің баспасөз хатшысы Ләззат Қасымжанованың сөзінше, қазіргі таңда сотқа дейінгі тергеу-тексеру амалдары жүргізілуде. Апаттың барлық мән-жайлары анықталған соң толық ақпарат беретіндерін мәлімдеді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК Қазынашылық департаментінің директоры – қаржылық бақылаушысы Шопан Омарбекованың пойыз қағып мерт болған теміржолшылар отбасына көмек көрсетілетіні жайлы мәлімдемесі жарияланды. «Компанияда және жалпы салада қабылданған ережелер мен құжаттарда белгіленген тәртіппен шешім қабылданады. Ұлттық компания мерт болған теміржолшылар отбасын қолдау үшін барлық шараларды қабылдайды», – деген хабарламада.

Асхат РАЙҚҰЛ, Жамбыл облысы

МАЗАСЫЗ МАУСЫМ

ҚАРМЕН КҮРЕС ҚАРҚЫН АЛДЫ

Биылғы қыста қар жылдағыдан екі есе көп түскендіктен шығыстағы теміржолшыларға біршама қиындықтар туғызып отыр. Сондай-ақ, қарлы боран да теміржолшыларды күнделікті жұмыс ырғағынан жаңылдырып тұрған жайы бар. Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесі қызмет көрсететін желі бойында, әсіресе жолшылардың еңбегі қауырт.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Өткен демалыс күндері теміржолшыларға елеулі машақат әкелді. Сенбі, жексенбі күндері барлық жол дистанцияларының еңбеккерлері қарлы боранның салдарын жоюға шықты. Әсіресе, қос бағытта қызмет көрсететін Жаңа-Семей дистанциясы көп күш жұмылдырды. Өйткені, дистанцияға қарасты 239,3 шақырымдық бас жолдың 74,5 шақырымы қар басып қалатын қауіпті аймаққа жатады. Сондықтан ПҚ-40 теміржолшылары телімнің осы бөлігіне барынша күш салып жатыр.

Жаңа-Семей жол дистанциясының иелігінде 9 бірлік

қар күрегіш, қар тазалағыш техника бар. Бұл қызметтік көліктерде бүгінде еш тыным жоқ. Тек станция басында ғана бригада ауысқанымен техникалар тәулік бойы жұмыс істеуде. Соның нәтижесінде қантардың 10 мен 20 аралығында қармен күрес қарқынды жүрді.

Дәл осындай шаралар Семей жол дистанциясы бойынша да орын алуда.

– Биыл қар сенбіліктерін желтоқсан айынан бастап қолға алған болатынбыз, дегенмен соңғы тәуліктерде қар толассыз жауғандықтан күшейтілген режимде жұмыс жасап, жұмыла кірісуге тура келді. Қазіргі күні бұл іске дистанцияға қарасты барлық жолшылар толық жұмылдырылған. Станциялық жолдар мен бағыттама бұрмаларды қардан тазарту мақсатында

ҚАУІПСІЗДІК

ЖОЛ КҮТІМІ ЖОСПАРҒА САЙ

Қызылорда жол дистанциясының теміржолшылары өз телімдерінде апаттық жағдайлар мен оқиғаларға орын бәрмей өткен жылды табысты қорытындылай білді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Дистанция бастығы Мейірхан Бейсенбаев пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін толық сақталғанын айтады. Жол күтімінің 54 бірлікке белгіленген көрсеткіші 52 бірлікке жеткізіліп, жоспар 104 пайызға орындалып отыр. Жалпы алғанда Сауран мен Жосалы станциялары арасында созылып жатқан төрт жүз шақырымға жуық дистанция телімдерінде өткен жылы 3 оқиға оқиға тіркеліп, алдыңғы жылдан біреуге болса да кеміген.

Өткен жылы дистанция теміржолшыларының салдарынан жолаушылар және жүк пойыздарының кідіруі тіркелмеген. Телловоз машинистері 94 рет жедел тежегіш басуға мәжбүр болған. 42 рет жолға иесіз малдың шығып кетуінен, оның ішінде 6 рет малдың пойызға басылуы тіркелсе, 43 рет жолға бөгде адам шыққан, 5 мәрте жол жағдайына қатысты және 1 рет жол өтпесінде автокөліктің жол ережесін бұзуы тіркелген. Мәліметке сүйенсек, жолға мал шығу жағдайы 2



және 5-телімдерде жиі орын алған екен. Жолға иесіз малдың шығуына тосқауыл болу үшін жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстары, рейд және жол бойын қоршау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Мәселен, өткен жылы 50 шақырым жолды қоршау жоспарына, дистанциялықтар бұл жоспарды асыра

орындап, 52 км жол бойы қоршауын жөндеген.

– Өткен жылдың желтоқсан айында ұжым жолшылары малға қарсы жасалған сым қоршауларына күрделі жөндеу жұмысын жасап, 7,123 шақырым тікенек сым тартып, бағаналар тұрғызды. Жалпы 2019

жылға жоспарланған 50 шақырымдық аумаққа сым тартып қада қағу жұмысы 52,7 шақырымдық аумаққа ұласып жеке артығымен орындалды. Темір жол маңында мал бағу ережесімен 13475 тұрғын таныстырылды, дегенмен иесіз малдың жолға шығып кету жағдайы азаяр емес, – дейді Қызылорда жол дистанциясы техникалық бөлімінің басшысы Кенже Қойшыбаева.

Өткен жылы дистанциядағы жұмысқа жарамды 15 ақауатқынш арбамен 1651 шақырым негізгі жол, 134 шақырым қабылдап-жөнелту жолдары мен 1067 жинақ жол бұрмалары тексеріліп, анықталған кемшіліктер дер кезінде орнына келтірілген. Рельс түліктері жұмыс мен АІСН құрылғысы жұмысының бұзылуы тіркелмеген. Дегенмен жол күтімінде 2-дәрежелі, 3-дәрежелі ауытқулар анықталғанымен, «қанағаттанарлықсыз» телім тіркелмеген.

– Жалпы 2019 жылы дистанция бойынша жолдардың технологиялық талапқа сай болуын қамтамасыз ету, жылжымалы құрамдардың қозғалысы қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында ағымдық жол күтімімен қатар ауыр жол машиналары да пайдаланылды. Жол машиналарының жұмысы жоспарға сай жүргізілді. РМ машинасымен 12,16 км, Дуомат, ДПС машинасымен – 132,6 км, ПБР-мен-292,4 км, ПЮМмен – 21,660 км және Атлас машинасымен 44,4 км жолға күтім жасалынды, – деп мәлімет берді техникалық бөлімінің басшысы Кенже Қойшыбаева.

Суретті түсірген автор

КӨКЕЙКЕСТІ

«БОЛАШАҚ» МАҢЫНДАҒЫ БОЛАШАҚСЫЗ АУЫЛДАР

Атырау қаласынан алшақ жатқан станция маңындағы ауылдардың әлеуметтік жағдайы нашар күйде қалып отыр, соның ішінде «Болашақ» зауытына жақын орналасқан елді мекендердің проблемасы тіпті жеткілікті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Ең алдымен, экологиялық ахуал өте нашар, зауыттан шыққан түтін мен күкірттің иісі Қарабатан, 496 разьезд, Таскескен, Ескене станциялары тұрғындарының денсаулығына айтарлықтай әсер етуде, қажетті инфрақұрылым жоқ. Бұл ауылдарда негізінен теміржолшылар тұрады, халықтың дені темір жол саласында жұмыс істейді. 496 разьезд тұрғындары жуырда қалаға жайлы пәтерге көшірілді. Ал басқа ауылдар әлі сол қиын күндерін бастан өткізуде.

Тұрғындарының айтуынша, зауыттан орналасу қашықтығы әртүрлі болғанымен, бәрінің проблемалары бір. Ең алдымен ауаның бұлінуді денсаулыққа үлкен зиянын тигізуде: жағымсыз иістен адамдардың қан қысымы жоғарылап, басы айналып, жүрек нашарлауда. Содан да болар, ауылда өлім-жітім көп. Сонан соң ауылда су да, газ да, жол да жоқ, балабақша мен мектеп, емхана деген екі бастан жоқ. Жолдың сапасы өте нашар, газ жоқ, көмір жағады.

Мектеп жасындағы балалар Атырау қаласындағы Бесікті мен Доссор елді мекендеріндегі интернатта жатып оқиды. Оларды апта сайын тасымалдаудың өзі нашар, зауыттан шыққан түтін мен күкірттің иісі Қарабатан, 496 разьезд, Таскескен, Ескене станциялары ауылына барып, халықтың мұң-мұқтажын тындады. «Мен осы ауылдың байырғы тұрғынымын. Бүкіл өмірім темір жолда өтті, бүгінде зейнеткермін. Бірақ еңбектің зейнетін көреміз деген шағымызда мынадай қиындықтарға тап келіп отырған жайымыз бар. Зауыт салынғалы бері халықтан маза кетті, мал жұтады. Газ өзімізден шығып жатыр,



ал біз әлі күнге көмір жағып отырмыз. Денсаулығымыз күннен-күнге нашарлап барады, сондықтан біздің тілегіміз – ауылды жасалған сым қоршауларға қоршау беріп, – деген еді осыған дейін басшыларға халық атынан өтініш айтқан ауыл ақсақалы, «Құрметті теміржолшы» Мырзақара Хасанов. Бірақ жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Енді жаңа әкім тұрғындар өтінішіне орай мәселені қайта қарауды көздеп отыр. Халық өтінішін құп көрген аймақ басшысы ауылды көшірудің барлық заңдылықтары қайта қаралсын деп тапсырды.

Айта кетейік, Қашаған мұнайы құйыла бастаған «Болашақ» зауыты жылына 22, 5 млн тонна мұнай және

6,2 млрд текше метр газ өндіеді. Мұнай өңдеу жүйесі тәулігіне 450 мың барельге немесе жылына 22,5 млн тонна мұнай өңдеуге мүмкіндік береді. Жылына қуаты 6,2 млрд текше метрге дейін газ дайындайтын жүйе, отын мен күкірт ретінде сұйытылған газды да қоса алады. Ал қышқы газдан қарапайым күкірт өндіріледі. Күкірт сутегінің ауаға таралуы экологияны нашарлатып жатқандықтан, инфрақұрылым мен ешқандай әлеуметтік нысандардың жоқтығынан аталған ауыл тұрғындарының болашағы жоқ, сондықтан ауылды көшіруден басқа жол жоқ деседі көпшілік.

Суретті түсірген автор

ПРОИЗВОДСТВО

ИНВЕСТИЦИИ В БУДУЩЕЕ

3000-й стрелочный электропривод P80 компании Alstom для казахстанских железных дорог сошел с производственной линии в Алматы на СП «КазЭлектроПривод».

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Предприятие получило контракт на поставку 10000 стрелочных электроприводов для ҚТЖ. Стрелочный электропривод типа P80 разработан для обеспечения высокого уровня безопасности движения при минимальном периодическом техническом обслуживании. Он сертифицирован для работы при скорости до 180 км/час и сроком службы до 20 лет коммерческой эксплуатации с неограниченным продлением срока службы на 15 лет после капитального ремонта. Это электромеханический переводной механизм, применяемый на железнодорожном транспорте и предназначенный для перемещения, запирания и непрерывного контроля положения стрелки.

Наш продукт надежен и полностью соответствует местной инфраструктуре, – отметила генеральный директор СП «КазЭлектроПривод» Ирина Лукошкова.

Безусловно, запуск любого производства требует капитальных вложений, колоссальных усилий и организационной работы, в том числе и обучение слесарей сборочного производства и инженерно-технического персонала на предприятии CMS в Италии. Были поставлены станки CNC-системой управления для адаптации и трансфера технологии мехобработки. Проводилось обучение операторов станков.

Оценить возможности завода можно, побывав в цехах и увидев весь цикл работ. Мощные, просторные цеха с универсальным оборудованием японского качества MAZAK делают предприятие уважаемым и перспективным. Производство



включает в себя цех механообработки, оснащенный станками токарной и фрезерно-расточной групп с CNC-системами управления, где производится токарная, фрезерная, резьбонарезная и электроэрозийная обработка. В составе цеха – инструментальный участок, оснащенный оборудованием по накладке инструментальной оснастки и контролю над состоянием режущего инструмента. Стоит отметить, что металлорежущие станки позволяют обеспечить точность геометрических параметров изделия, чистоту обработанной поверхности, габаритные размеры обрабатываемых деталей. Контроль качества встроен в систему производственного потока и осуществляется не только на рабочих местах, но и с применением 3D-измерительного оборудования «Hexagon», оснащенного дополнительными опциями сканирования, что позволяет использовать его как элемент CAD-системы при разработке конструкторской

документации. Высокое качество обеспечивается не только технологическими возможностями оборудования, но и контрольно-измерительными приборами и инструментами, позволяющими проводить проверки на соответствие качеству и вести контроль изготовления деталей.

Технологические возможности предприятия позволяют не только в кратчайшие сроки выполнить заказы клиентов, но изготовить детали – комплектующие, запасные части. В его планах – выход на новые рынки, увеличение производственных мощностей, обеспечение заказчиков высокотехнологической продукцией казахстанского производства. Предпосылки у предприятия, несомненно, есть с учетом хорошей материальной базы, универсального оборудования, высококлассных специалистов и умелого управленческого подхода.

Фото автора

ОХРАНА ТРУДА

ЛЮДИ – ГЛАВНЫЙ РЕСУРС

В этом году на заслуженный отдых Павлодарское отделение ГП проводило 70 работников, здоровье в летнее время поправили 200 детей. Сегодня региональный филиал профсоюзного комитета продолжает работу по повышению уровня безопасности железнодорожников. Об этом во время подведения итогов заседания председатель организации Айгуль Бубаева.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Профсоюзом совместно с руководством станции решаются проблемы по улучшению социально-бытовых условий работников. Например, в прошлом году ко Дню железнодорожника были закуплены холодильники, радиотелефоны, электрочайники, обогреватели и микроволновая печь, – отметила председатель организации Айгуль Бубаева.

Одним из важных вопросов в работе профсоюза – это охрана труда. Для осуществления общественного контроля в Павлодарском отделении ГП работают 64 технических инспектора. Действует положение о технических инспекторах, которое призвано поднять их роль и активность. Профсоюзным комитетом предприятия выделяются средства на поощрение данных работников.

Не остаются в стороне и пенсионеры. В отделении ГП насчитывается 2137 ветеранов труда.

За отчетный период Совет ветеранов посетил 42 железнодорожников, находящихся на заслуженном отдыхе, оказана материальная помощь 10 пенсионерам, выделены средства на зубопротезирование 331 человеку. Санаторно-курортное лечение прошли 114 ветеранов труда в оздоровительных центрах Мойылды, Боровое, Сосновый бор в Костане, Сарыагаш в Шымкенте и в России. Каждый год профсоюзный комитет в День пожилого человека организует концерт и дарит памятные подарки. Пенсионерам, имеющим стаж работы не менее 10 лет, возмещаются расходы за проезд на железнодорожном транспорте один раз в год.

